

Шуакбаева Жанар Науканбаевна

КМҚК №180 бөбекжай-балабақшасы, әдіскер

Алматы қаласы, Түркісіб ауданы

Мектепке дейінгі ұйымда жаңартылған білім мазмұны бойынша танымдық қабілеттерін дамыту

Бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жаңарту өте маңызды өзгерістердің сатысында тұр. Білім беру мазмұнын жаңарту-сапалы білім, жарқын болашаққа негіздеп, бірқатар жетістіктер формуласын ұсынған үлгі және оқу-тәрбиелік үрдісті жан-жақты жаңа әдіс-тәсілдермен ұштастыру болып табылады.

Қазіргі заман талабы болашақ ұрпағымызға – жаңаша білім беру, жаңаша тәсілдер арқылы балаларды болашаққа деген көзқарастарын дұрыс қалыптастырып, әлем елдерінің қатарынан көріну. Ал болашағымыздың жарқын болуы – бүгінгі мектепке дейінгі мекемелерден басталатыны сөзсіз. Біздің болашағымыз – бүгінгі ұрпақ.

Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне бағдарланған үлкен өзгерістерге ұшырауда. Өзгерістердің негізінде білімнің жалпы санына емес, функционалдық сауаттылыққа басымдық берілетін конвенция жатыр. Басқаша айтқанда, жаңартылған білім беру міндеті-балабақша балаларының танымдық қабілеттерін, арттырады. Жаңартылған білім мазмұнының басты ерекшеліктері мен артықшылықтары:

- әлемдік стандартқа сай үздіксіз білім беру;
- бәсекеге қабілетті тұлғаларды тәрбиелеу;
- балалардың бойында табысты өмір сүру дағдаларын қалыптастыру;
- әлем азаматын тәрбиелеу;
- әр баланың бойында тәжірибелік дағдыларды дамыту;
- функционалдық сауаттылықтарын арттыру;
- тәрбиешінің кәсіби шеберлігін жетілдіру.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты мен міндеттері:

- ✓ МДҰ бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарындағы білім беру үдерісін ұйымдастыруға арналған негізгі құжат болып табылады, себебі: балалардың дайындық деңгейіне, білім беру мазмұнына, балалардың ең жоғары мониторинг диагностикасына қойылатын талаптарды айқындайды, мөлшерлейді:
- ✓ Біліктілікті арттыру жүйесінде тәрбиешілердің функционалдық сауаттылығы – қазіргі білім берудегі жаңа және нақты жағдайға көшу дегенді білдеріді.
- ✓ Стандартта белгіленген жаңа мазмұн, балалардың сыни, шығармашылық тұрғыда ойлау, танымдық қабілеттерінің дәрежесін дамытуды көздейді. Тәрбиешінің зерттеуші позициясында болуы тек осы ҰОҚ оқытумен шектеліп қана қоймай, оның басқа салалармен байланысын қарастыруды, жаңалықтар қалай ашылғандығы туралы тәрбие мен білімді ұсынумен, танымдық қабілеттерін арттыру болып табылады. Бұл өз алдына тәрбиешіні білімді ұсынушы ғана емес, сол білімді бірге жасап, танымдық қабілеттерін бірге дамытуға әкеледі. Осындай әрекет өмір бойы білім алу дегенді білдіреді.

Балалардың жаңартылған білім мазмұны бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға келетін болсақ, стандартқа сәйкес бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында, мектепке дейінгі балалардың танымдық, функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда– білімді шығармашылық қолдануға; сыни тұрғыдан ойлауға; зерттеу жұмыстарын орындауға; АКТ-ны пайдалануға; тілдік дағдыларды қоса алғанда, коммуникативтік қарым-қатынас тәсілдерін қолдануға; топта және жеке жұмыс істей білуге басты назар аударылады. Бұл жаңартылған білім мазмұнының басты ерекшелігі.

Білім беру мазмұнының ажырамас бөлігі білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың объективті және шынайы жүйесі болып табылады. Бағалау оқытудың қойылған мақсаттарына сәйкестік; жүйелілік; сенімділік (дәлдікті, тұрақтылық дәрежесін, тұрақтылықты, оқытудың орнықтылығын көрсетеді) және т.б. сияқты дидактикалық қағидаттарға сәйкес теориялық білімді бағалаудың негізгі өлшемдері олардың толықтығы, жинақталуы және жүйелілігі болып табылады. Балабақша балаларының оқу қызметінің процессуалдық жағын білімнің беріктігі, ұтқырлығы және пәрменділігі сияқты критерийлер сипаттайды. Тәрбие мен білімнің пәрменділігі ойлау түрлері, ойлау әрекеттері, іс-әрекет әдістері (танымдық, пәндік және жалпы білім беру дағдылары) сияқты зияткерлік саланың компоненттерімен ашылады. Білім берудің мақсаты шығармашылық қызметкерлерді даярлау, мектепке дейінгі мекемелердің педагогикалық қызметкерлерінің сапалық құрамын жақсарту болып табылады. Бәсекеге қабілетті маман тек кәсіби ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғалық сипаттамаларды да қамтиды. Педагогикалық процесті заманауи білім берудің жетістіктеріне барынша жақындату үшін тәрбиеші өзінің білімін жүйелі түрде кеңейтіп, ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік жұмыстарға белсенді қатысып, педагогикалық процеске жаңа инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізуі керек.

Білім беру саласына инновацияларды енгізу қарқыны бойынша Қазақстан алдыңғы қатарлы елдер қатарында. Қазіргі уақытта инновациялық педагогикалық қызмет кез-келген оқу орнының білім беру қызметінің маңызды компоненттерінің бірі болып табылады.